

Әлімжанова А.Б.
**Блогтық журналистика
қызметі мен
даму бағыттары**

Мақалада қазіргі блогтық журналистика қызметі мен даму бағыттары ұсынылады. Блогтық жазбалардың мақсаты мен міндеті айқындалып, контенттік сараптамалар жүргізіледі.

Түйін сөздер: блог, блоггинг, интернет, веб-сайт.

Alimzhanova A.B.
**Functions of a blog journalism
and directions of its development**

Functions of a modern blog journalism and its directions of development are considered in the article. Aims and tasks of posts of a blog are defined, the content analysis is conducted.

Key words: blog, blogging, Internet, web site.

Алимжанова А.Б.
**Функции и направления
развития блоговой
журналистики**

В статье рассматриваются функции и направления развития современной блоговой журналистики. Определяются цели и задачи постов блога, проводится контент-анализ.

Ключевые слова: блог, блоггинг, Интернет, веб-сайт.

БЛОГТЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА ҚЫЗМЕТІ МЕН ДАМУ БАҒЫТТАРЫ

Ғаламтор желісінде Тим Бернерс-Лидің 1992 жылдан бастап жаңалық жариялаған парақшасында – ең алғашқы блог деген мәлімет сақталынған. Кейіннен 1999 жылы ашылған Blogger.com сайты блоггингтің дамуына итермеледі. Бұл жоба сол кезде Сан-Францискодағы Puga Labs компьютерлік компаниясының бастауымен жарық көрді. Қазірде сол компания мен жалпы блог қызмет көрсету орталықтары Google корпорациясына тиесілі.

«Блог» сөзі жайдан-жай пайда болған жоқ. Алғашында «web log» («желілік журнал») термині қолданылды. Бұл терминді 1997 жылдың 17 желтоқсанында Иорн Баргер енгізді деген мәлімет бар. Кейіннен «web log» тіркесі «we blog» тіркесіне ауысып, соның нәтижесінде жаңа сөз «blog» пайда болды. Бұл жаңа терминнің авторы ретінде 1999 жылы өзінің Peterme.com блогында бұл сөзді әзіл ретінде қолданған Петр Мерхольц саналады. Puga Labs компаниясының мүшесі Эван Уильямстың жаңа терминді зат есім мен етістік ретінде қолданылуы жаңа «блоггер» терминінің пайда болуына әкелді. Бүгінде әрбір 5 ай сайын блогосфера 5 есеге өсіп отырады. Әлемдегі блогерлер саны 20 млн.-ға жеткен. Әрбір секунд сайын бұл көрсеткіш екі есеге артып отыр.

Осылайша блоггинг әлемінің негізгі терминдері – «блог» пен «блогер» пайда болды.

Блогтың міндеті – блог не үшін керек?

Өз блогыңызды жүргізу барысында сіз онымен қандай қоғамдық пайда әкелетінізді ойламайтын шығарсыз. Сіз блогты жүргізе отырып, байсалдылық, батылдық, әділдік, не тәкаппарлық, өзімшілдік, қулық, т.б. сипаттамалардың нақты мысалы болып отырғаныңыз санаңызға да кіріп шықпауы мүмкін. Шын мәнінде сіздің блогыңыз өз мақсатын көздеп, өз міндетін орындауға кіріседі.

Егер де, сіз бірінші күннен бастап өз блогыңыздың «миссиясын» анықтап алсаңыз, болашақта оның тематикасын, мақсатын табуда қиналмайсыз.

Блог мақсаты – блог қандай мақсатпен жазылады?

Егер «блог міндеті» ұғымы – абстрактты тұрғыда болса, «блог мақсаты» – нақты, өлшеуге келетін, көрінісі бар ұғым немесе жағдай.

Қатысу мотивациясы мен блог функциялары

Блогты оқу мен оның авторы болу – екі түрлі процесс екенін ескере кеткен жөн. Блогтың коммуникативтік мүмкіндіктерін қолданатын адамдар блог арқылы қарым-қатынаста бола алмайтын адамдармен байланыс орнатуға болатынын ерекше атап көрсетеді. Блогтарда көрсетілген мұндай қызметтің хабарламалар альтернативтілігі өз алдына қолайлы.

Зерттеуші Евгений Горный өз мақаласында адамдар жақындарымен байланыс орнатудан бөлек, блогерлер мен олардың оқырмандары мынандай мақсаттарды көздеуі мүмкін деп жазады:

- Ақпарат алу;
- Оқу;
- Көңіл көтеру;
- Қауымның әртүрлі жағдайларға реакциясы мен көзқарасын бақылау;

– Әлеуметтік мақсатта, өзін қоғамның бір мүшесі ретінде сезіну үшін.

Livejournal блоггерлерінің жүргізген сауалнамасының негізінде мынандай блог функциялары анықталды:

Коммуникативті функция. Бұл функция ең көп аталатын функциялардың бірі. Блогерлердің көбісі блог жүргізу мен оқудың мақсаты – қызықты адамдармен байланыс орнату, қарым-қатынаста болу деп атайды. Ең алдымен, бұл бір нәрсені бір рет айтқанда – бәрінің естуіне шақ келетін бірден бір мүмкіндік. Мәселен, демалысқа барғаныңыз жайлы он, жиырма, отыз достарыңызға айтып бергенше, блогыңызға нақтылап жазып, әсем суреттермен тағы безендіріп жібергеніңіз әлдеқайда тиімдірек емес пе? Қызығушылығын білдіргендер – оқып, көреді және өз ойымен бөліседі; қызықтырмағандары жай қарап өте шығады.

«Оқырмандар» мен «жазушылар» үшін коммуникативті функцияның екі бағытын – жақындармен қарым-қатынас пен таныстар өрісін көбейту, яғни жаңа адамдармен танысу деп бөліп көрсетуге болады. Демек, кейбір адамдар блогты алыстағылармен жақындау үшін қолданса, кейбіреулері жаңа адамдармен танысу мақсатында жүргізеді. Көп жағдайларда жаңа таныстарды өз тыңдарманы мен оқырманын жинау ретінде іздесе, біреулер өзіне дос іздеу мақсатында блогты қолданады.

Өзін-өзі таныстыру функциясы. Кейбір респонденттер алғашында өзін-өзі таныстыру, жан-жағынан көрсету мақсатында жеке дербес парақша (Ғаламторда сайт ашу) жүргізу керек деген ойда болғанын айтады. Алайда кейіннен блог жүргізудің оған қарағанда әлдеқайда оңай шаруа екеніне көздерін жеткізіпті. Блогтардың

көптеген классификациясы бар. Олардың кейбірі жеке күнделіктер сияқты болса, кейбірлері әртүрлі тематика бойынша жұмыс істейді. Мәселен, түрлі авторлардың шығармашылығын (поэзия, проза, сурет, фото, т.б.) бірге көріп, өз ойымен бөлісуге арналған блогтар көптеп кездеседі.

Әлеуметтік байланысты нығайту және бірігу функциясы. Қазақ тілінде massaget.com, blogtime.kz, aitaber.kz т.б. қауымдастықтар он мыңдаған қазақтілді қолданушыларды байланыстыратын орталықтарға айналып отыр. Блогтар әлеуметтік желілердің функциясын атқара отырып, шынайы өмірде жоғалтылған әлеуметтік байланыстарды қайта ұштастырып, таныстармен бұрынғы байланысты нығайтуға көмектеседі.

Мұндай ерекшеліктердің арқасында кейбір адамдар блогты дәстүрлі принципі бойынша емес, сондай-ақ жұмыс бабы бойынша әртүрлі сауалдарды реттеуге қолданады. Өйткені, әлі де кейбір адамдар үшін электронды пошта, жедел хабарламалар тарату бюроларына қарағанда, блог жүзінде ақылдаса жұмыс атқару тиімдірек көрінеді.

Мемуарлық функциясы. Дәстүрлі қағаз күнделік сияқты блог, жаңа функцияларымен қатар, мемуарлық функцияны да атқарады. Алайда қағаз күнделігіне қарағанда блогтың сақталуы тек өзіңізге байланысты. Жоғалтып алу, тозып кету, т.б. кездейсоқ жағдайлар блоггингте кездеспейді. Авторлар өз блогтарында көп жылдар өтсе де, ойына сақтағысы келетін материалдарды жариялайды.

Өзін-өзі дамыту және рефлексия функциясы. Блогтың бұл функциясы адамның сырт көзбен қарап, жаңа «Мен»-ін табуда жұмыс істейді. «Күнделіктің» жалпыға ортақ болуы адамды оны тоқтатпай жүргізуге және өз ойын қатесіз, толық, ашық формада жеткізуге үйретеді. Көптеген адамдар блог жүргізуді, өзге блогтарды оқуды, онда комментарийлер қалдырып, өз пікірімен бөлісу мақсатында қолданады.

Психотерапиялық функциясы. Көптеген адамдар жеке блогтарын эмоцияларын сыртқа шығару, көптен ойландырып жүрген мәселелермен бөлісу, «жүйке жүйесін тыныштандыру» мақсаттарында қолданады. Блогтың бұл функциясы қазірде үлкен танымалдылыққа ие. Мәселен, отандық massaget.com, kerekinfo.kz, aitaber.kz, blogtime.kz блог платформаларынан да мұндай жайттарды аңғаруға болады. Диалогтардан психологиялық жағдайларды аңғаруға болады. «Жазушылардың» бірі өмірге шағымданып, әртүрлі жағдайларға өкініп отырса, екіншісі соны тыныштандырып, сабасына түсірмекші болады.

Мақаланың сырт келбеті блоггинг кезінде өте маңызды рөл атқарады. Ол оқырман қауымының оқуға ынтасын немесе керісінше жалықтырып жіберуіне әсер етуі мүмкін. Егер визуалды немесе психологиялық (моральді, этикалық) ерекшеліктері ескерілмесе, жақсы жазылған мақаланың өзін қабылдау қиынға соғады.

Жалпы мақаладағы контент құрамы 3 типтік ақпараттан тұрады.

1. Мәтінді ақпарат
2. Графикалық ақпарат
3. Мультимедиялық ақпарат (аудио және видео)

Әрбір типтік ақпарат пен мақала лайықты безендіру мен пішімдеуді қажет етеді.

Мәтін. Жоғарыда айтып кеткендей, ұзақ мәтіндерді бірнеше абзацтарға бөліп қарастырған жөн. Қысқа жазылған мәтінді оқу анағұрлым оңайырақ.

Ұзақ мақалалардың жеке бөлімдеріне тақырып қойса да болады, бұл мақаланың сырт келбетін жағымды көрсетіп қана қоймай оқуға ыңғайлы жағдай жасайды.

Типтік қаріп маңызды рөл атқарады. Palatino, Arial, Tohama секілді әмбебап қаріптерді қолдануға кеңес беремін. Өйткені, бұл қаріптер бүкіл дүниежүзіндегі компьютерлерде бар және кез келген браузер еш қиындықсыз мақаладағы мәтіндерді көрсетіп бере алады.

Бұдан бөлек, қаріптің түсі мен көлемі де маңызды. Оқырманның көңілін аудару үшін түрлі тәсілдер қолданылады. Олар түрлі-түсті бояулар немесе асты сызылған сызықтарды пайдалануға болады. Бұл мақалаға эстетикалық көрініс береді.

Графика. Блоггингте графикалық сурет қолдану әлемде жақсы белгі болып табылады. Графикалық сурет веб-баспаларда және блогтарда міндетті түрде болуы қажет. Графикада суреттер, коллаждар, гистограммалар, сызбалар мен карикатуралар қолданылады. Бұл графикалық бейнелер сіздің мақалаңызды қызықты, сан түрлі әрі қолайлы ете түседі. Егер, тақырыпқа байланысты сурет таңдай білсеңіз, ол оқырманның есінде қалып, түрлі сезімге бөлеуі мүмкін. Оқырманға психологиялық әсер қалдырады.

Бүгінгі таңда ғаламтор беттерінен көптеген блогерлер мен блогтарды кездестіруге болады. Олар белсенді түрде суреттер қолданады, кейбіреулері тек суреттермен ғана жұмыс жасайды. Ол мәтін суреттерге комментарий қалдыру үшін ғана қажет болып қалды. Бірақ, бұл блоггингтан ауытқып, веб-альбом ретінде қарастыруға болады.

Мультимедиа. Виртуалды әлемде суреттерден бөлек ақпараттарды жеткізетін аудио және

видео да бар. Әртүрлі жағдайларда қолданыс табады. Мақсаты оқырман қауымды өзіне еліктіру болып табылады. Бірақ, бұл жалғыз мақсат қана емес.

Олар материалыңызға сән беріп, декоративті рөл атқарып қана қоймай, көрнекі түр береді.

Жай ғана мәтін арқылы оқырман қауымына барлық ой мен әсерді жеткізу қиын. Осындай сәттерде мультимедияның көмегіне жүгіну керек. Дәлел мен факт арқылы да өз ойыңызды көрсете аласыз. Мысалы, бір ірі тұлғадан сұхбат алатын болсаңыз диктофонның көмегіне жүгінесіз. Мақалада жалған ақпарат таралса, куә ретінде диктофондағы жазумен дәлелдей аласыз.

Әрине, аудио және видеоның құдыреті осымен ғана шектелмейді.

Күйтабақтар тобы. Кейде бір себептерге байланысты күйтабақты бірнеше топтарға бөлу қажет. Бұл көбінесе әртүрлі тақырыптар қозғалған кезде болады немесе шатасып кетпес үшін бөліп қарастыруға болады.

<https://www.youtube.com> порталында күйтабақты екіге бөлу әдісі қарастырылған. Олар категория және теги. Бірақ теги негізінде бірнеше жұмысты атқара алады.

Категориялар. www.youtube.com сайтындағы видео-блогерлер категориялар бойынша бүкіл тақырыптарды қамтыған жүйе болып табылады. Мақала жазатын болсаңыз берілген категориялардың біреуін таңдауыңыз керек. Барлық категориялар сіздің жазбаңыздағы бөлшек болып табылады. Сіз кемшілік деп ойлауыңыз мүмкін, бірақ бұл артықшылық дер едім. Артықшылығы не деп ойлайсыз ба? Онда бірнеше нұсқаларын қарастырайық. Өзіңіз ойлап көріңіз, сіз блог жүргізіп отырсыз, онда сіздің ғана жазбаларыңыз бен категорияларыңыз және де хостингтер болады. 20 шақты категориялар болады делік, оларды тез арада толтыра алмайсыз. Ал блог оқырмандары кірпияз, әрі талғампаз болып келеді. Бос блогқа кіргеннен кейін екінші рет қонақ болмауы мүмкін. Сондықтан әр блоггер бірнеше категорияларды бір уақытта толтырып, оқырман көңілін аулай білуі керек. Бұл ыңғайлы әрі пайдасын әкеледі. Мәселен, қазіргі таңда жұмысын жандандырып келе жатқан және түрлі байқаулар ұйымдастыру арқылы оқырман көңіліне жол таба білген <http://blogtime.kz/blog> блогтұғырнамасын ерекше айтуға болады.

Екінші жағынан, Google іздестіру жүйесі немесе Яндекс порталдардың көшірмесімен айналысады. Сол арқылы сілтеме көрсетіледі, оның арқасында сіздің блогыңызға кіру мүмкіндігі арта түседі және оқырман да көбейе түседі.

Тегтер. Тегтер, негізінде тек қана сөз тіркесінен немесе жеке сөздерден тұрады. Тегтер іздеу жүйесіндегі алғашқыларының бірі болып табылады. Сол себепті, дұрыс таңдай білу арқылы блогыңызды әрлендіре түсесіз. Мысалы: Massaget.kz порталында «Илья Ильин PSY-ға қазақи үлгідегі шапан сыйлады» деген блогтық жазбаға назар аударайық:

«Кеше Алматы қаласында «Gangnam Style» әнімен әлемге танылған әйгілі оңтүстік корейлік әнші PSY концерт өткізді. Алғаш рет Алматыда өткен концертте еліміздің танымал спортшысы Илья Ильин қонақтың иығына шапан жапты.

Оңтүстік корейлік әнші Балуан Шолақ спорт кешенінде концерт өткізді. Концертке Қазақстан мен Ресейдің өнер жұлдыздары мен танымал тұлғалары да қатысты. Олардың қатарында қазақстандық ауыр атлет Илья Ильин де болды. Отандасымыз PSY-ға қазақша шапан сыйлап, құрмет танытты. Бұл туралы спортшының өзі instagram желісіндегі жеке парақшасында хабарлады».

Тегтер: Илья Ильин, Алматы, концерт, PSY.

Байқасаңыз тегтер ойдың негізгі сөздерінен құралады. Егер google арқылы Илья Ильин немесе PSY деп іздесеңіз бұл жазбаның шыға келері анық. Бірақ та, басқа да қолданушылардың осы сарындас материалдары да көрінетін болады.

Авторлық құқық және гиперсілтеме. Кей кездерде жазбаларды әрлендіру мақсатында не-

месе оқырманға қызықты болу үшін түрлі материал жариялағанда басқа да дереккөздерге сүйенуге тура келеді.

Егер де, сіз өзіңіздің блогыңызда біреудің сөзін қолдансаңыз, сол адамның атын жазып кетуіңіз міндетті. Бұл авторға құрметіңізді ғана көрсетіп қоймай, заңды да сақтай отырасыз. Авторлық құқықты сақтамау қылмыс болып табылмаса да, бұл сіздің блогыңызға адал, әрі шынайы адам екендігіңізді көрсетеді. Басқа сайттардан материал алған болмаңыз, сол сайттың сілтемесін көрсетуді ұмытпаңыз.

Кері байланыс. Өзін құрметтейтін әр блогер оқырманын да құрметтеуі қажет. Ол оқырмандарын назарда ұстауы керек. Олардың әр хаттары мен сауалдарына жауап қайтаруға міндетті.

Сіздің жазбаларыңызға комментарий. Жазба қалдырған кезде, кез келген комментарийлерге дайын болуыңыз керек. Барлық оқырмандарыңыздың сізді жақсы көруі міндетті емес. Тіпті олардың ішінде сізді шынайы жек көретіндері де табылуы мүмкін. Оларды дұрыс қабылдап, үйрену керек.

Алаш арысы Ахмет Байтұрсынұлы: «Алаш азаматтары, білмей жазып, елді адастырсаңыздар, алты миллион қазақтың обал-сауабы сіздің мойныңызда, сондықтан не айтсаңыз да біліп айтыңыз, не жазсаңыз да біліп жазыңыз. Сіз адассаңыз, сіздің соңыңыздан халық адасады», – деген жауапкершілікке толы аталы сөздері блогтық журналистикаға да тікелей қатысы бар іспетті.

Әдебиеттер

- 1 Ющук Е. Блог. Создать и раскрутить.
- 2 Омелин М.В. Веб-менеджмент как деятельность журналиста.
- 3 Кихтан В.В. Информационные технологии в журналистике/ В.В. Кихтан – Ростов н/Д: Феникс, 2004. (Серия «Высшее образование») – 160 с.
- 4 Литвин Е. 10 шагов к Успешному Блогу 2.0: 10 непреложных Законов Блоггинга. Электронная книга, blog-expert.ru 2011. – 30 с.

References

- 1 E. Yushchuk Blog. Create semet. «
- 2 Omelin MV Web procuratio ut actio wisi.
- 3 Kihtan VV. Informasionnye technology v journalistike / VV Kihtan – Rostov n / D: Phoenix, 2004. (Series «Superius educationem») – 160 s.
- 4 E. Litvin 10 shagov k uspeshnomu blogu 2.0: 10 neprolozhnykh zakonov blogginga. Electronnaya kniga, blog-expert.ru 2011. – 30 s.